

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы « 21 » маусымдағы
№ 367 қаулысына
қосымша

Ережеге
3-қосымша

**Атмосфералық ауаны стационарлық көздердің шығарындыларымен
ластаудан, су ресурстарын ластаудан, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын
белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келтірілген залалды
экономикалық бағалауды айқындау есептемелері**

1. Атмосфералық ауаны стационарлық көздерден және газды алау етіп жаққаннан болған шығарындылармен і-лік ингредиент бойынша белгіленген нормативтерден тыс ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау жанама әдіспен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (C_{ic\ жүз.i} - C_{нормi}) \times 3600/1000000 \times A_i \times T \times 2,2 \text{ АЕК} \times 10 \times K_1 \times K_2,$$
 мұндағы:

U_i – стационарлық көздерден және газды алау етіп жағудан атмосфералық ауаны і-ингредиентпен ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау, теңге;

$C_{ic\ жүз.i}$ – мемлекеттік не өндірістік экологиялық бақылау барысында анықталған і-лік ластаушы заттың іс жүзіндегі шығарындысы, г/сек;

$C_{нормi}$ – і-лік ластаушы зат шығарындысының нормативі, г/сек;

A_i – салыстырмалы қауіптілік коэффициенті, мына формула бойынша айқындалады:

$A_i = 1/ШЖБШ_{от}$, мұнда $ШЖБШ_{от}$ - атмосфералық ауада ластаушы заттың шекті жол берілетін орташа тәуліктік шоғырлануы;

T – мемлекеттік не өндірістік экологиялық бақылау барысында жүргізілген соңғы тексеруден бері өткен уақыт ретінде қабылданатын залал келтіру кезеңіндегі жабдықтың жұмыс уақыты (сағатпен);

АЕК – тиісті қаржы жылына арналған заңнамалық актілерде белгіленген айлық есептік көрсеткіш;

10 – арттыру коэффициенті;

K_1 – экологиялық қауіптілік коэффициенті, осы Ережеге 1-қосымша;

K_2 – экологиялық тәуекел коэффициенті, осы Ережеге 2-қосымша.

2. Су ресурстарын белгіленген нормативтерден тыс і-лік ингредиент бойынша ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (C_{ic\ жүз.i} - C_{нормi}) \times V_{ic\ жүз.} \times 30 \text{ АЕК} \times A_i \times 10 \times K_1 \times K_2$$
 мұндағы:

U_i – і-лік ингредиентпен су ресурстарын ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау (теңге);

$C_{ic\ ж\ddot{u}z.i}$ – сарқынды сулардағы i -лік ластаушы заттың нақты шоғырлануы, мг/л;

$C_{нормi}$ – i -лік ластаушы зат төгіндісінің нормативі, мг/л;

$V_{ic\ ж\ddot{u}z}$ – мемлекеттік не өндірістік экологиялық бақылау барысында жүргізілген соңғы тексеруден бері өткен уақыт ретінде қабылданатын кезеңдегі су бұру көлемі, млн. текше м;

$N = 30$ – сарқынды суларды су объектілеріне ағызу үшін;

$N = 18$ – жинақтауыштарға, жер бедеріне және сүзу алқаптарына сарқынды суларды ағызу үшін;

АЕК – тиісті қаржы жылына арналған заңнамалық актілерде белгіленген айлық есептік көрсеткіш;

A_i – салыстырмалы қауіптілік коэффициенті, мына формула бойынша айқындалады:

$A_i = 1/ШЖБШ_3$, мұнда $ШЖБШ_3$ - осы түрдегі су объектісінде ластаушы заттың шекті жол берілетін шоғырлануы;

10 – арттыру коэффициенті;

K_1 – экологиялық қауіптілік коэффициенті, осы Ережеге 1-қосымша;

K_2 – экологиялық тәуекел коэффициенті, осы Ережеге 2-қосымша.

3. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының i -лік түрін белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келтірілген залалды экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (F_{ic\ ж\ddot{u}z.i} - F_{нормi}) \times C_{қал} \times 10 \times K_1 \times K_2$$

мұндағы:

U_i – өндіріс және тұтыну қалдықтарының i -лік түрін орналастырудан келтірілген залалды экономикалық бағалау, теңге;

$F_{ic\ ж\ddot{u}z.i}$ – тексерілетін кезеңде өндіріс және тұтыну қалдықтарының i -лік түрін орналастырудың іс жүзіндегі көлемі, тонна;

$F_{нормi}$ – тексерілетін кезеңде өндіріс және тұтыну қалдықтарының i -лік түрін орналастырудың нормативтік көлемі, тонна;

$C_{қал}$ – өндіріс және тұтыну қалдықтарының i -лік түрінің 1 тоннасын орналастыру үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленген төлемақы мөлшерлемесі, теңге;

10 – арттыру коэффициенті;

K_1 – экологиялық қауіптілік коэффициенті, осы Ережеге 1-қосымша;

K_2 – экологиялық тәуекел коэффициенті, осы Ережеге 2-қосымша.

4. Радиоактивті қалдықтар болып табылмайтын, шектеулі пайдаланылатын материалдарға жататын және белгіленген нормативтерден тыс өнеркәсіптік қалдықтарды көму орындарында орналастырылуға тиіс, құрамында жасанды және табиғи радионуклидтер санитарлық нормалардан 0,3 кБк/кг-нан асатын, бірақ альфа сәулесін шығаратын радионуклидтер үшін 10 кБк/кг-нан аспайтын радионуклидтер және бета сәулесін шығаратын радионуклидтер үшін 100 кБк/кг-нан аспайтын радионуклидтер бар құрылыс материалдарын, тау-кен өндірісінің атжалдары мен шламдарын, сарқынды сулар мен кеніштер суларын қоршаған ортада орналастырудан келтірілген

залалды экономикалық бағалау осы қосымшаға сәйкес жасыл индекс бойынша айқындалады.

5. Егер құралмен өлшеуді жүргізу мүмкін болмаса, онда і-лік ингредиент бойынша атмосфералық ауаны, газды алау етіп жағудан және су ресурстарын ластаудан келетін залалды экономикалық бағалау мына формула бойынша айқындалады:

$$U_i = (C_{ic \text{ жүз.}i} - C_{нормі}) \times N \text{ АЕК} \times A_i \times 10 \times K_1 \times K_2$$

мұндағы:

U_i – і-лік ингредиент бойынша атмосфералық ауаны және су ресурстарын ластаудан келетін залалды экономикалық бағалау, теңге;

$C_{ic \text{ жүз.}i}$ — і-лік ластаушы заттың қоршаған ортаға залал келтіру кезеңінде іс жүзіндегі шоғырлануы мемлекеттік не өндірістік экологиялық бақылау барысында табиғат пайдаланушылардың есептік деректерін, сондай-ақ электрондық құралдардың көрсеткіштерін және т.б. негізге ала отырып есептеу әдісімен айқындалады, тонна;

$C_{нормі}$ – і-лік ластаушы зат шығарындысының не төгіндісінің нормативі, тонна;

$N = 2,2$ – стационарлық көздерден және газды алау етіп жағудан ластаушы заттардың шығарындыларымен қоршаған ортаны белгіленген нормативтерден тыс не экологиялық рұқсатсыз ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау үшін;

$N = 30$ – су объектілеріне ластаушы заттардың төгінділерімен қоршаған ортаны белгіленген нормативтерден тыс не экологиялық рұқсатсыз ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау үшін;

$N = 18$ — жинақтауыштарға, жер бедеріне және сүзу алқаптарына белгіленген нормативтерден тыс не экологиялық рұқсатсыз ластаушы заттардың төгінділерімен қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау үшін;

АЕК – тиісті қаржы жылына арналған заңнамалық актілерде белгіленген айлық есептік көрсеткіш;

A_i – салыстырмалы қауіптілік коэффициенті, мына формула бойынша анықталады:

$A_i = 1/ШЖБШ$, мұнда ШЖБШ – атмосфералық ауада ластаушы заттың шекті жол берілетін орташа тәуліктік шоғырлануы не су ресурстарында ластаушы заттың шекті жол берілетін шоғырлануы;

10 – арттыру коэффициенті;

K_1 – экологиялық қауіптілік коэффициенті, осы Ережеге 1-қосымша;

K_2 – экологиялық тәуекел коэффициенті, осы Ережеге 2-қосымша.